

**А.Ж. Ержанов<sup>1,a</sup>, Г.К. Сабырбаева<sup>1,b</sup>**

<sup>1</sup>М. Тынышбаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясы, Алматы қ.,  
Қазақстан, <sup>a</sup>gj\_star@mail.ru, <sup>b</sup>gulnaz\_\_28@mail.ru

## **МЕМЛЕКЕТТІК АЙЫПТАУДЫҢ ҚОЛДАНУДЫҢ ҰҒЫМЫ, МӘНІ ЖӘНЕ МАҢЫЗЫ**

**Андатпа.** Бұл мақалада қылмыстық іс жүргізушілік функциялар жүйесіндегі сотта мемлекеттік айыптауды қолдау мәселесі қаралды. Сонымен қатар жүргізілген зерттеулердің нәтижелері қарастырылады.

**Резюме.** Концепция использования государственного обвинителя, ценность и значимость поддержка государственного обвинения по уголовному делу в ходе главного судебного разбирательства.

**Abstract.** The concept of using a public prosecutor, value and significance. Support for public prosecution in a criminal case during the main trial.

**Түйінді сөздер:** Конституция, қылмыстық істер, заңдар, мемлекеттік айыптаушы, сот төрайымы.

**Ключевые слова:** Конституция, уголовные дела, законы, прокурор, судья.

**Keywords:** Constitution, criminal cases, laws, prosecutor, judge.

Қазақстан Республикасының Конституциясы біздің мемлекетімізде сот төрелігін жүргізудің негіздерін қалайтын қағидаларды бекітті. Сот-құқықтық жүйесінің әлемдік тәжірибеге сәйкес одан ары қарай дамуы Қылмыстық Кодекстің және Қылмыстық Іс-жүргізу Кодексінің, Азаматтық Кодекс пен Азаматтық Іс-жүргізу Кодекстерін, Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сот Пленумының қаулыларын және т.б. нормативтік – құқықтық актілерді қабылдаумен байланысты болды. Бұл нормативтік құқықтық актілерде соттардың қоғамда қоғамдық әділеттілікті орнатуына, әділ сот өндірісін қамтамасыз ету және қылмыстық заңды дұрыс қолдану мақсатында әрбір қылмыстық істі қылмыстық іс-жүргізудің мақсаттары мен қағидаларына сәйкес шешуіне көңіл бөлінген[1]

Сот төрелігін жүргізуде заңдылықтың нақты қолданылуының маңызды кепілі прокурорлық қадағалау болып табылады. Қазақстан Республикасы Конституциясының 83-бабына сәйкес, прокуратура органдары сотта мемлекет мүддесін білдіреді. Соттағы прокурордың күзіретін айқындайтын Қазақстан Республикасы Президентінің "Прокуратура туралы" Заң күші бар Жарлығының 30-бабына сәйкес, "Қылмыстық, азаматтық немесе өзгеде сот ісін жүргізу барысында сотта мемлекет мүддесін білдіре отырып, прокурор осы Заңға, сондай-ақ Республиканың қылмыстық іс-жүргізу, азаматтық істер жүргізу және өзгеде заңдарына сәйкес шағым және қадағалау тәртібімен өкілеттілігін жүзеге асырады " деп көрсетілген[2]

Қылмыстық істерді сотта қарауда прокурор заңда белгіленген мемлекеттік айыптаушы құқықтық жағдайын иеленді және сотта маңызды фигураға айналады. Прокурордың бұл қызмет бағытының негізі нормативтік құжаты Қылмыстық іс жүргізу Кодексі болып табылады. Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс-жүргізу Кодексінің 317-бабына сәйкес, (2000 жылдың қаңтар айынан бастап) прокурордың жеке айыптау істерін қоспағанда, мемлекеттік айыптаушы ретінде басты сот талқылауына қатысуы міндетті. Теорияда, заңда және тәжірибеде "мемлекеттік айыптаушы" ұғымы басқаша түсіндірілуге жатпайтын нақты белгілі бір мағынаға ие. Яғни, мемлекеттік айыптаушы дегеніміз – бұл сотта сотталушының кінәлілігі туралы өзінің қортындысын қорғайтын прокурордың іс-әрекеттерінің жиынтығы болып табылады. Заңда «мемлекеттік айыптаушы» термині сотта мемлекеттік мүддесін білдіргенде, прокурорлық қызметті

жүзеге асырғанда қолданылатыны тектен-тек емес. Алдын-ала тергеуде прокурордың әрекеттері туралы сөз болғанда, заң оны "мемлекеттік айыптаушы" ретінде санамайды. Қылмыстық іс жүргізуде мемлекеттік айыптаушыға өте маңызды роль берілген. Оның мақсаты қылмысты ашу және жою, қылмыстық заң нормаларын бұзушыларды анықтау, кінәлілердің жазадан құтылмаушылығын қамтамасыз ету болып табылады. Айыптау қызметі арқылы (уәкілетті орган және тұлғалар арқылы) мемлекет қоғамдық және мемлекеттік құрылысқа, мемлекеттік және жеке меншікке, азаматтар мен заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделеріне қылмыстық қол сұғушылықтан қорғайды. Мемлекеттік айыптау – бұл оның айналасын, сот отырысының барлық қатысушыларының күш жігерін біріктіретін өзек (стержень) болып табылады.

Прокурордың соттағы айыптау қорытындысы сот зерттеуінің негізгі пәні болып табылады. Өйткені, айыптаудың дұрыстығын тексеру мақсатында сотқа сотталушы, куә-куәгерлер, жәбірленушілер, сарапшылар т.б. шақырылады, әртүрлі тергеу әрекеттері жүргізіледі және тараптардың пікірі тыңдалады. Сот үкім шығаруда алдымен, оның алдына айыптаумен қойылған сұраққа жауап беруі тиіс: қылмыс болды ма және сотталушы кінәлі ме? Бір сөзбен айтқанда, айыптаудың дұрыс және негізділігін тексеру болып табылады. Мемлекеттік айыптау сот отырысының айырықша жағдайларында жүргізілетін қылмыстық іс-жүргізушілік функция болып табылады[3]

**Қылмыстық іс – жүргізушілік функциялар жүйесіндегі мемлекеттік айыптаулардың маңызы және орны.** Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс – жүргізуінің негізін қылмыстарды анықтауға және ашуға, кінәлілерді анықтап және оларға әділ жаза тағайындауға бағытталған заң бйынша уәкілетті мемлекеттік органдардың қызметі құрайды. Қылмыстық іс – жүргізушілік қызмет анықтау және алдын - ала тергеу органдарының, прокуратура және соттың лауазымды тұлғаларының тиісті түрде ұйымдастырылған, қатаң тәртіпке келтірілген және белгілі бір мақсатқа бағытталған, сондай-ақ іке қатысуға тартылатын жеке азаматтардың әрекеттерінің жүйесі болып табылады. Қылмыстық іс-жүргізу қатысушыларының құқықтары мен міндеттерінде айырмашылықтар болғандықтан, қылмыстық іс – жүргізушілік функциялар туралы білім шығарылған. Қылмыстық іс – жүргізушілік функция – бұл қылмыстық іс – жүргізушілік қызметтің жеке тарабын және белгілі бір бағытты білдіреді. Қылмыстық іс – жүргізушілік функция ұғымына ғалымдар әртүрлі анықтама берген.

Қылмыстық іс – жүргізушілік қызмет бір-бірімен тығыз байланысты қылмыстық іс – жүргізудің үш негізгі функциясымен сипатталады: айыптау, қорғау және істі шешу. Бұл функциялар тергеу жүргізіліп және одан соң соттың қарауына жіберілетін барлық қылмыстық істерді болады. Алдын-ала тергеуде бұл функциялар бір тұлғаның – тергешінің қолында біріктіріледі. Ал, қылмыстық істі сотта қарауда бұл функциялар әркөрінеді және сот талқылауының қатысушыларының арасында бөлінеді.

Айыптау іс – жүргізушілік функция ретінде, қылмыстық іс – жүргізушілік қызметтің түрі ретінде айыптау пәнімен өте тығыз байланысты, яғни, қылмыстық жазаланатын әрекеттердің материалдық – құқықтық көрінісі. Айыптау материалдық – құқықтық тұрғыда қылмыстық жауапкершіліктің іс – жүргізушілік көрінісі болып табылады, дәлірек айтқанда, қылмыс құрамын білдіреді. Айыптау Қылмыстық кодекстің тиісті бабының диспозициясында көрсетілген қылмыстық барлық белгілерін, оның барлық элементтерін қамтиды. Айыптауды дәлелдеу функциясы және дәлелдеу пәні ретінде айыруға болады және айыру керек, бірақ оларды бір-бірінен бөліп тастауға болмайды. Алдын – ала құрылған айыптау қорытындысынсыз

айыптауды дәлелдеу қызметі пәні мен мақсаты жоқ айыптауға айналады. Басқа жағынан алғанда, айыптау материалдық – құқықтық тұрғыдан бос декларацияға айналады. Айыптау пәні мен айыптау қызметінің арасындағы тығыз байланысты мына формуладан көруге болады: *айыптаушы айыптауға міндетті, ал айыптау айыптушымен дәлелденуі тиіс.*

Айыптаудың материалдық – құқықтық және іс – жүргізушілік тұрғыдан байланысын анықтау, айыптау функциясының пайда болу уақытын дұрыс анықтауға мүмкіндік береді. Жоғарыда айтылғандардың негізінде бұл функция іс жүргізуде алғаш рет тиісті түрде айыптау пәні (қылмыс жасады деп айыпталатын адамды, бұл қылмыстың жасалу жағдайлары және қылмыстық заң ) көрінгенде туындайды деп пайымдауға болады. Шындығында да солай болып келеді. Қазақстан Республикасының ҚІЖК-нің 206 және 207 - бабтарына сәйкес, қылмыс жасады деп айыптау үшін негіз беретін жеткілікті дәлелдемелер болған кезде тергеуші адамды айыпталушы ретінде жауапқа тарту туралы делелді қаулы шығарады. Осы уақыттан бастап іс жүргізу белгілі бір тұлғаға – айыпталушыға қарсы жүргізіледі. Басқаша айытқанда, айыптаудың қылмыстық іс – жүргізушілік функциясы жүзеге аса бастайды. Мемлекеттік айыптау сот отырысының айрықша жағдайларында жүргізілетін қылмыстық іс – жүргізушілік функция болып табылады. Мемлекеттік айыптаудың бастаулары сотталушы анықталған тергеу органдарының қызметінде жатыр. Бірақ, ол сотта материалдық – құқықтық тұрғыдан (айыптау қорытындысының тезисі толықтай өзгермеген жағдайдың өзінде) басқа әдіс тәсілдер арқылы өмірге келе бастайды. Сотта айыптау функциясын орындаудың сол әдістердің жиынтығы бір ұғыммен – “*мемлекеттік айыптауды қолдау*” ұғымымен айтылады[4]

Осыған сәйкес, негізгі қылмыстық іс – жүргізушілік функциялар ішінде айыптау функциясы маңызды роль атқарады. Айыптаусыз қылмыстық іс жүргізу мақсатсыз, пәнсіз және мүмкін емес болар еді. Алайда, мұны қылмыстық іс – жүргізушілік функциялардың ішіндегі орталық, басты функция ретінде санауға болмайды. Жоғарыда көрсетілген үш функция да негізгі және айырылмас бірлікте болады. Олардың кез-келгені басқа екі функцияның барлығын анықтайды. Қорғау функциясынсыз айыптаудың болуы сот өндірісінің бір бағыттылығын – айыптау бағытын көрсетер еді. Айыптаусыз қорғаудың болуы логикалық тұрғыдан мүмкін емес, ал істің дұрыс шешілуі тек жарыспалы іс жүргізуде мүмкін болады.

Мемлекеттік айыптаудың құқықсубъектілігін аудандық прокурордан жоғары тұрған кез-келген прокурор иеленеді (облыстық және оған теңестірілген прокурорлар, Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры және оның орынбасарлары). Мемлекеттік айыптаушы ретінде жоғары тұрған прокурор өзінің жағдайына ұқсас соттарда (облыстық және оған теңестірілген соттар және Жоғарғы Сот) бірінші инстанцияда қылмыстық істі карауда қатысад [5]

Прокурор мемлекеттік айыптаушы ретінде сотқа фактілік және заңдық алғы шарттар болған жағдайда қатысады. Фактілік алғы шарттар дегеніміз – прокурордың тергеу жұмыстарының және сот өндірісінің талаптарын жақсы білуі. Осы жағдайда ғана прокурор істің материалдарын терең зерттей алады және сотқа ақиқатты орнатуды көмек көрсете алады. Прокурордың сотқа қатысудағы фактілік маңызды элементтерінің бірі – прокурорда сотталушының кінәлілігі туралы ішкі сенімділігінің болуы. ҚР ҚІЖК-нің 317-бабының 6 бөліміне сәйкес, айыптауды қолдай отырып прокурор заң талаптарын және істің барлық жағдайларын қарау нәтижелеріне негізделген өзінің ішкі көз қарасын басшылыққа алады. Ішкі сенімділіксіз прокурор сотта өзінің мемлекеттік айыптаушы ретіндегі іс-жүргізушілік функциясын атқара алмайды. Заңдық фактілер дегеніміз – прокурордың сотқа қатысу мүмкіндігінің нормативтік – құқықтық актілерде орын алуы. Қазақстан Республикасының Президентінің "прокуратура туралы" Заң күші бар Жарлығының 30-бабына сәйкес прокурор қылмыстық азаматтық немесе өзгеде сот ісін жүргізу барысында сотта мемлекеттік мүддесін білдіреді. Қазақстан Республикасының ҚІЖК-нің 62-бабына сәйкес, соттың қылмыстық істі қарауына қатысушы прокурор айыптауды қолдау жолымен мемлекеттік мүддесін білдіреді және мемлекеттік айыптаушы болып табылады. ҚР ҚІЖК-нің 317-бабының 1 бөліміне сәйкес, прокурордың жеке айыптау істерін қоспағанда мемлекеттік айыптаушы ретінде бас сот талқылауына қатысуы

міндетті. Қылмыстық іс жүргізудің субъектілері сот талқылауында белгілі бір құқықтық жағдайды иеленеді. Сот өндірісінің кез-келген қатысушысының құқықтық жағдайы қылмыстық іс жүргізудің бұл сатысының мәні мен құрылысымен анықталады. Айыптау және қорғау функциялары өздерінің дәлелдерін дәлелдеу мүмкіндіктерінің теңдей сот өндірісінің қатысушыларының арасында бөлінген және бұл жағдайда соттың істі шешу функциясын атқару мен қатар, қылмысты жасаудың толық, жан-жақты және объективті зерттелуіне көмек беруі қылмыстық процестің негізінде жарыспалылық қағидасы жатқандығын көрсетеді. Айыптаушы және айыпталушы іс жүргізуде тараптар ретінде қатысады. Яғни, сот отырысының мұндай қатысушыларында іс-жүргізушілік мүдде болады және заң оларға өздерінің дәлелдерін дәлелдеуге бірдей құқықтыр берген. Сот тараптар келтірілген дәлелдерге байланысты емес және олар келтірілген дәлелдерді зерттеумен ғана шектелмейді. Ол істің жағдайларын анықтау үшін іс-жүргізушілік әрекеттерді таңдауда толық тәуелсіз. Осыған сәйкес жарыспалылық процестің мәні айыптау, қорғау және істі шешу функцияларын сот және тараптардың арасында бөлу болып табылады. Нақ осы жағдай, яғни қылмыстық іс жүргізудің жарыспалылық қағидасының мәні сот және тараптар арасында функцияларды бөлу прокурордың процестегі орны туралы қызу пікірталастар туғызады. Мемлекеттік айыптауды қолдайтын прокурор сотта тарап болып табылады деген сұрақ пікір таластың негізі. Прокурор сотта тарап па әлде тарап емес пе деген сұраққа жауап бермес үшін, "тарап" терминінің мазмұнын және мағынасын ашып алу қажет. "Тарап" ұғымы зыңмен қорғалатын белгілі бір мүддені қорғайтын және бұл үшін сот отырысы қатысушыларының барлық құқықтарын иеленетін, қарсы позицияны қорғайтын сот отырысының қатысушысын білдіреді. Айыптауды қолдайтын прокурорда да белгілі бір жүргізушілік мүдде болады. Мұндай мүдденің болуы прокурор қылмыстық заңының бұзылуын анықтап және кінәліні анықтап, айыптау қорытындысын шығарып, істі соттың қарауына беруімен байланысты. Айыптау қорытындысының негізділігін танып және оны бекітіп, прокурор әрине соттың бұл қорытындысымен келісуіне және айыптау үкімін шығаруына мүдделі болады. Прокурордың іс-жүргізушілік мүддесі басынан аяғына дейін заңдылықты сақтауды қадағалау жүргізетін орган ретіндегі жағдаймен түсіндіріледі. Сот отырысында прокурор айыптау ретіндегі іс-жүргізушілік жағдайын иеленетіндігі сөзсіз. ҚР ҚІЖК-нің 62-бабының 1 бөліміне сәйкес, соттың қылмыстық істі қарауына қатысушы прокурор айыптауды қолдау жолымен мемлекеттің мүддесін білдіреді және мемлекеттік айыптаушы болып табылады. Белгілі бір іс-жүргізушілік мүддені иелене отырып, тараптардың әрқайсысы өздерінің дәлелдерін қорғау үшін басқа тараптармен теңдей болу қажет. Тараптардың теңдігі – жарыспалылық процесінің негізгі талабы болып табылады. Бұл талап қазақстандық қылмыстық іс жүргізу заңында сақталған ба? Осыған байланысты мынадай көзқарас қалыптасқан. Заңдардың орындалуына қадағалау жүргізетін органның өкілі ретінде прокурордың ерекше жағдайды иеленуіне байланысты мемлекеттік айыптаушы мен сот отырысының басқа қатысушылары арасындағы теңдігі туралы айтуға болмайды және де прокурор тарап болып табылмайды, бұл оның қылмыстық процестегі фактілік жағдайына сәйкес келмейді. В.А. Болдыревтің ойынша: "Қылмыстық процестегі мемлекеттік айыптаушы мен басқа тараптың арасында теңдік белгісін қою дұрыс болмас еді. Мемлекеттік айыптаушының жағдайы басқа тараптың жағдайынан мүлдем ерекше." В.И. Басковтің ойынша, "Прокурордың іс-жүргізушілік жағдайы және сотталушының іс-жүргізушілік жағдайы бірдей емес." Жоғарыда келтірілген авторлардың пікірлері әртүрлі уақытта жазылған. Бірақ, оларды бір ғана ой біріктіреді: прокурордың іс-жүргізушілік жағдайын сот отырысының басқа қатысушыларының іс-жүргізушілік жағдайымен теңдей алып қарауға болмайды. Осыған, яғни жоғарыдағы авторлардың пікіріне сәйкес, сот отырысындағы прокурордың фактілік және заңдық жағдайы басқа тұлғалардың жағдайымен бірдей емес. Бұл жалпы танылған және ешкіммен дауланбайды. Тараптың іс-жүргізушілік орнын иелене отырып прокурор заңдардың дұрыс қолдануын қадағалайтын

орган ретінде қала береді. Прокурорға қатысты тарап ұғымы оның барлық қасиеттерін жауып тастамайды. Бірақ, неге мұндай пікір қалыптасты және оны шешудің ешқандай жолы жоқ па? (мына баламадан басқа – тарап айыптаушы немесе заңдылықты қадағалайтын орган). Менің ойымша прокурордың соттағы ролін дұрыс түсінбеу прокуратураны заңдылықты қадағалайтын орган ретінде бекіту және бұл міндетті атқарудың әдіс тәсілдерінің арасындағы байланысты дұрыс анықтамауда жатыр. Қазақстан Республикасының прокуратурасы – Республика аумағында заңдардың, Қазақстан Республикасы Президенті Жарлықтарының және өзге нормативтік құқықтық актілердің дәл және бірінғай қолданылуына жоғарғы қадағалауды жүзеге асыратын орган (ҚР Президентінің "Прокуратура туралы" күші бар Жарлығының 1-бабы Сонымен, жоғарыда келтірілген пікірлерге талдау жасай келе, мынаны анықтауға болады – мемлекеттік айыптаушы ретінде шыға отырып, кез-келген рангтағы прокурор ҚР Бас Прокурорының өкілі болып табылады. Ол қылмыстық процестегі заңдылықтың кепілі. Мемлекеттік айыптауды қолдауда, ол соттардың қылмыстық істерде қарауда заңдылықты сақтауын қадағалау міндетінен босамайды. ҚР Қылмыстық іс жүргізу заңына сәйкес, прокурор қылмыстық процесте тарап болып табылады және заң оны сот отырысының басқа қатысушыларының алдында дәлелдемелер келтіруде, оны зерттеуге қатысуда, ұсыныстар білдіруде артықшылықтар бермейді (ҚР ҚДЖК-нің 317-бабы). Сонымен қатар, заң прокурорды сот отырысының басқа қатысушыларынан ерекше жағдайға қояды. Бұл прокурордың артықшылығы емес, ол оның алдына қойылған міндеттерді, өзінің функцияларын тиісті түрде шешу үшін қажетті жағдайлар туғызуға арналған. Жәбірленуші өз атынан шыға отырып, ал қорғаушы сотталушының тапсырмасымен және соттың, тергеушінің тағайындауымен шыға отырып, сот отырысында орын алған заң бұзушылықтарға өзінің құқығына сәйкес әрекет ете алады және оны істемеуіде мүмкін. Заң оларды істеуге жәбірленуші мен қорғаушыны міндеттемейді. Ал, прокурор заң мен мемлекет атынан шыға отырып, сот отырысында орын алған заң бұзушылықтарды, оларды кім жасағанына қарамастан, ол заң бұзушылықтарды жоюға шара көруге құқықты ғана емес, міндетті болып та табылады.

**Қорытынды.** Жоғарыда айтылғандарды қорытындылайтын болсақ, сотта айыптауды (мемлекеттік айыптауды) прокурор ғана жүзеге асырады. Прокурордың қолдауымен жүргізілетін айыптау - айыптаудың негізгі және маңызды белгісі болып табылады. Прокурор арқылы мемлекет қылмыстық іс-әрекетпен құқық нормаларын бұзған тұлғаларға қатысты қудалау жүргізеді, мемлекет прокурорға анықтау және алдын-ала тергеу органдарының қылмыстылықпен күресуде күшейтуді координациялауды жүктейді.

#### ӘДЕБИЕТТЕР:

- [1] Қазақстан Республикасының Конституциясы. Алматы. 1995ж. 30 тамыз. 11-12 б.б.
- [2] Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексі. 2017ж. 48-49 б.б.
- [3] Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. Алматы. 2017ж. 64-66б.б.
- [4] Бегалиев К.А., Беков К.А. Суд и правосудие. Учебное пособие-Алматы «Казак университет!»: 1998. С. 10.
- [5] Ағыбаев Н. Қылмыстық құқық. Оқулық, ерекше бөлімі Алматы: Жеті жарғы. 2001 125-127 б.б.